

Қазақстан Республикасы Цифрлық даму,
инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі
министрлігі Аэроғарыш комитетінің
«___» _____ 2024 жылғы
№___ бұйрығымен
«Бекітілген»

**«Ғарыштық техника және технологиялар институты» жауапкершілігі
шектеулі серіктестігінің**

**ИНСАЙДЕРЛІК АҚПАРАТТЫ ИЕЛІК ЕТУ МЕН ПАЙДАЛАНУҒА ІШКІ
БАҚЫЛАУ ҚАҒИДАЛАРЫ**

АСТАНА, 2024

DOC ID KZ92Y3L2024000022343123C33



Осы «Ғарыштық техника және технологиялар институты» ЖШС инсайдерлік ақпаратты иелік ету мен пайдалануға ішкі бақылау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және «Ғарыштық техника және технологиялар» ЖШС (бұдан әрі – Серіктестік) ішкі құжаттарына сәйкес әзірленген.

I. Негізгі ұғымдар

1. Осы Қағидаларда мынадай терминдер, анықтамалар мен қысқартулар пайдаланылады:

- 1) ҚЕД – қаржылық есеп беру депозитарийі;
- 2) инсайдер – инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндігі бар тұлға;
- 3) инсайдерлік ақпарат – бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары), олармен жасалған мәмілелер, сонымен қатар, бағалы қағаздарды (туынды қаржы құралдарын) шығарған (ұсынған) эмитент туралы, Эмитентпен жүзеге асырылатын қызмет туралы, коммерциялық құпияны құрайтын шынайы ақпарат; сонымен қатар, үшінші тұлғаларға белгісіз, жариялануы бағалы қағаздардың (туынды қаржы құралдарының) құнының өзгеруіне және Серіктестіктің қызметіне ықпал етуі мүмкін өзге ақпарат;
- 4) жалпыға қолжетімді ақпарат – жалпыға қолжетімді ақпарат негізінде дайындалған, мұндай ақпараттың меншік иесі және/немесе ұстаушысы оны пайдалану шарттарын көрсетпей беретін немесе тарататын, қолжетімділікті талап етпейтін немесе шектеусіз ақпарат;
- 5) комплаенс-офицер – инсайдерлік ақпаратты пайдалануды бақылау және қадағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын Серіктестік қызметкері;
- 6) инсайдерлердің тізімі – инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар тұлғалардың тізімі;
- 7) уәкілетті орган – қаржы нарығын мемлекеттік реттеуді және дамытуды жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын өзге де ұғымдар Қазақстан Республикасының заңнамасында және ішкі нормативтік құқықтық актілерде айқындалған ұғымдарға сәйкес келеді.

II. Жалпы ережелер

3. Осы Қағидалар Серіктестіктің барлық қызметкерлеріне қолданылады және Серіктестіктің барлық қызметкерлерінің танысуы және қолдануы үшін қажет.

4. Осы Қағидалар келесіні қамтиды:

- 1) инсайдерлік ақпаратқа қатысты ақпарат тізбесі;
- 2) Серіктестіктің инсайдерлік ақпаратын жариялау тәртібі мен мерзімдері;



3) инсайдерлер болып табылатын тұлғалардың тізбесі, Серіктестіктің инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі бар тұлғалардың тізбесін жүргізу және өзектілігін қамтамасыз ету, сонымен қатар, оларды осы тізімнен шығару тәртібі;

4) тұлғаларды осы тармақтың 3)-тармақшасында көрсетілген тізбеге енгізген (шығарған) жағдайларда хабардар ету, сонымен қатар, оларды осы Қағидалардың және инсайдерлік ақпаратты иелік ету мен пайдалануға қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптары туралы хабардар ету тәртібі мен мерзімдері;

5) инсайдерлік ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету жөніндегі талаптар;

6) инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу құқықтарын шектеу және бақылау тәртібі;

7) Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдалануға жол бермеу жөніндегі шаралар;

8) Серіктестік қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының инсайдерлік ақпаратқа иелік ету және пайдалану жөніндегі шектеулерді реттейтін заңнамасының және осы Қағидалардың талаптарын сақтауын, оның ішінде инсайдерлік ақпаратты пайдалана отырып, мәмілелер жасасудың алдын алу шараларын сақтауын бақылау тәртібі;

9) Серіктестік инсайдер болып танылған бағалы қағаздар эмитенттерінің инсайдерлік ақпаратын Серіктестік қызметкерлерімен пайдалануына тыйым салуға қатысты Қазақстан Республикасы заңнамасының және осы Қағидалардың талаптары туралы Серіктестік қызметкерлерін хабардар ету тәртібі;

10) осы Қағидаларда белгіленген мерзімдерде Серіктестік инсайдер болып танылған бағалы қағаздар эмитенттерін өзінің қызметтік жағдайы және лауазымдық міндеттері бойынша бағалы қағаздар эмитенттерінің инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын Серіктестіктің қызметкерлері туралы хабардар ету тәртібі мен мерзімдері;

11) осы Қағидаларда көзделген өзге де шараларды жүзеге асыру.

5. Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес, инсайдерлік ақпаратты пайдалануға тыйым салынады:

1) шетел валютасын немесе өтеу мерзімі келген қаржы құралдарын сатып алу немесе сату бойынша міндеттемені орындау шеңберіндегі мәмілелерді қоспағанда, егер мұндай міндеттеме тұлғаға инсайдерлік ақпарат белгілі болғанға дейін жасалған мәміле нәтижесінде туындаса, өз қаражаты есебінен немесе үшінші тұлғаның қаражаты есебінен шетел валютасымен немесе инсайдерлік ақпаратпен байланысты қаржы құралдарымен операцияларды жүзеге асыруға;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген немесе еңбек міндеттерін орындау немесе жасалған шартты (келісімшартты) орындау кезінде, мұндай ақпаратты беру жөніндегі міндеттемелерді орындауға байланысты Серіктестіктің инсайдерлерінің тізіміне енгізілген тұлғаға осы ақпаратты беру жағдайларын қоспағанда, оны басқа тұлғаға беру немесе үшінші тұлғаларға қолжетімді ету;



3) Үшінші тұлғаларды инсайдерлік ақпарат негізінде қаржы құралдарын немесе шетел валюталарын сатып алуға немесе сатуға міндеттеу немесе итермелеу арқылы, үшінші тұлғаларға ұсынымдар немесе ұсыныстар беру.

6. Осы Қағидалар, оларға толықтырулар мен түзетулер, ҚЕД интернет-ресурсында, сонымен қатар, «Қазақстан қор биржасы» АҚ интернет-ресурсында мемлекеттік және орыс тілдерінде жариялануға жатады және осы Қағидалардың көшірмелерін оларды дайындау құнынан аспайтын мөлшерде бергені үшін ақысын қоспағанда, мүдделі тұлғалардың сұранысымен ақысыз беріледі.

III. Серіктестіктің инсайдерлік ақпараты

7. Серіктестіктің инсайдерлік ақпаратына келесі ақпарат түрлері жатады (қоса алғанда, бірақ бұнымен шектелмейді):

- 1) Серіктестік органдарының құрамының өзгеруі туралы ақпарат;
- 2) Серіктестікті қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы ақпарат;
- 3) Серіктестіктің мүлкіне тыйым салу туралы ақпарат;
- 4) Серіктестік активтерінің он және одан көп пайызын құрайтын сомаға Серіктестік мүлкін кепілге (қайта кепілге) беру туралы ақпарат;
- 5) Серіктестік лицензиясын алу, тоқтата тұру немесе одан айыру туралы ақпарат;
- 6) Серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналысының шешімдері туралы ақпарат;
- 7) Серіктестіктің эмиссиялық бағалы қағаздар шығару проспектісіне өзгеріс туралы ақпарат;
- 8) Серіктестіктің бағалы қағаздарды шығаруы туралы және уәкілетті органның Серіктестіктің бағалы қағаздарын орналастыру қорытындылары туралы есептерді, Серіктестіктің бағалы қағаздарын өтеу қорытындылары туралы есептерді бекітуі, уәкілетті органның Серіктестіктің бағалы қағаздарын жоюы туралы ақпарат;
- 9) Серіктестік активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің жиырма бес және одан көп пайызын құрайтын мүлікті Серіктестік иеліктен шығаратын (иеліктен шығаруы мүмкін) Серіктестіктің мәміле жасауы немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығы туралы ақпарат;
- 10) Серіктестік активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің жиырма бес және одан көп пайызын құрайтын мөлшерде Серіктестіктің қарыз алғаны туралы ақпарат;
- 11) Серіктестіктің өзге заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы немесе Серіктестік активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің жиырма бес және одан көп пайызын құрайтын сомадағы активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру (алу) жолымен өзге заңды тұлғаларға қатысушылар (акционерлер) құрамынан шығуы туралы ақпарат;
- 12) сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғау туралы ақпарат;



13) Серіктестіктің жарғысына, сонымен қатар Серіктестіктің бағалы қағаздарын шығару проспектісіне сәйкес, оның қатысушылары мен инвесторларының мүдделерін қозғайтын өзге де оқиғалар туралы ақпарат;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес инсайдерлік болып табылатын және сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарында айқындалған өзге де ақпарат.

8. Инсайдерлік ақпаратқа жатпайды:

1) бағалы қағаздармен (туынды қаржы құралдарымен) операцияларды жүзеге асыру туралы инвестициялық шешімдер қабылдау және/немесе ұсынымдар немесе ұсыныстар дайындау мақсатында жүргізілген бағалы қағаздың (туынды қаржы құралының), Серіктестіктің мүліктік жағдайының құнына қатысты зерттеулерді, болжамдарды және бағалауды қоса алғанда, жалпыға қолжетімді мәліметтер негізінде дайындалған ақпарат;

2) бұқаралық ақпарат құралдарынан алынған ақпарат;

3) дереккөзі белгісіз, үшінші тұлғалардың кең ауқымды адамдарға тарататын расталмаған ақпарат, сонымен қатар бағалы қағаздар эмитентінің ағымдағы немесе жоспарланып отырған қызметіне қатысты ұсыныстар.

9. Инсайдерлік ақпарат тізбесін қалыптастыруды және өзектендіруді Директор өз қызметінде инсайдерлік ақпарат пайдаланылатын Серіктестік қызметкерлері ұсынған деректердің негізінде жүзеге асырады. Инсайдерлік ақпараттың тізбесі қажеттілік туындауына қарай өзектендіруге жатады.

IV. Серіктестіктің инсайдерлік ақпаратын жариялау тәртібі мен шарттары

10. Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 102-бабының 2-тармағына сәйкес, Серіктестік жариялауға жататын ақпараттар мен құжаттар тізбесіне енгізілген Серіктестіктің инсайдерлік ақпаратын Серіктестік, бағалы қағаздар эмитенті ретінде ҚЕД интернет-ресурсында Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және мерзімдерде жариялайды.

11. Серіктестіктің инсайдерлік ақпаратын бірнеше дереккөздер арқылы жарияланған кезде, ақпаратты жариялау күні болып инсайдерлік ақпаратты бірінші орналастыру (жариялау) күні есептеледі.

12. Серіктестік және Серіктестіктің инсайдерлері болып танылған тұлғалар инсайдерлік ақпараттың құпиялығын оны ресми ашылуына (жариялағанға) дейін қамтамасыз етеді.

13. Серіктестіктің қандай да бір инсайдерлік ақпараты жариялауға жатпайтын болса, Серіктестік және Серіктестіктің инсайдерлері болып танылған тұлғалар мұндай ақпараттың құпиялығын тұрақты негізде қамтамасыз етеді.

14. Инсайдерлік ақпарат бұқаралық ақпарат құралдарында және/немесе корпоративтік веб-сайттарда және/немесе өзге де дереккөздерде жарияланған



сәттен бастап мұндай болуды тоқтатады және жалпыға қолжетімді болып танылады.

V. Серіктестік инсайдерлері

15. Серіктестіктің инсайдерлері болып танылады:

1) қызметтік жағдайына байланысты инсайдерлік ақпаратқа қолжетімді Серіктестіктің құрылтайшылары/қатысушылары;

2) қызметтік жағдайына байланысты инсайдерлік ақпаратқа қолжетімді Серіктестіктің директоры және басқа қызметкерлері;

3) Серіктестіктің дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан көп пайызын тікелей немесе жанама түрде иеленуіне, пайдалануына және/немесе билік етуіне байланысты инсайдерлік ақпаратқа рұқсаты бар жеке және/немесе заңды тұлғалар;

4) шарттары инсайдерлік ақпаратты жариялауды көздейтін аудиторлық ұйымдар, бағалаушылар, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары және жасалған шартқа сәйкес Серіктестікке қызмет көрсететін өзге де тұлғалар;

5) саудалауды ұйымдастырушы;

6) сауда жүйесінде эмитенттің бағалы қағаздарымен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер жасалатын қор биржасының директорлар кеңесінің және листингтік комиссиясының мүшелері;

7) уәкілетті мемлекеттік органның және оның ведомстволарының қызметкерлері, өздеріне берілген функциялары мен өкілеттіктеріне байланысты инсайдерлік ақпаратқа рұқсаты бар мемлекеттік қызметкерлер;

8) мүшелері эмитенттер және осы тармақтың 3), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген ұйымдар болып табылатын, өздеріне берілген өкілеттіктер бойынша инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын қоғамдық бірлестіктер мен кәсіптік ұйымдар;

9) осы тармақтың 3), 4), 5) және 8) тармақшаларында көрсетілген ұйымдардың қызметтік жағдайы және лауазымдық міндеттері бойынша инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар қызметкерлері;

10) осы тармақтың 1) - 9) тармақшаларында көрсетілген тұлғалардан инсайдерлік ақпаратты алған тұлғалар.

VI. Серіктестіктің инсайдерлік ақпаратына рұқсаты бар тұлғалардың тізімі

16. Компаенс-офицер осы Қағидаларға 1-қосымшада көзделген нысан бойынша инсайдерлік ақпаратқа рұқсаты бар тұлғалардың деректерін енгізеді.



17. Серіктестік инсайдерлерінің тізбесі осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен және мерзімдерде Серіктестіктің Комплаенс-офицерімен тоқсан сайын жаңартылып тұрады.

18. Бас бухгалтер тоқсан сайын Комплаенс-офицерге шарттары инсайдерлік ақпаратты жариялауды көздейтін тұлғалармен жасалған шарттар туралы ақпаратты ұсынады.

20. Инсайдерлік ақпаратқа рұқсаты бар тұлғаларды енгізу (шығару) туралы хабарламаны Серіктестіктің Комплаенс-офицері жасайды және оған тиісті тұлға қол қояды.

VII. Инсайдерлік ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етуге қойылатын талаптар

21. Серіктестіктің инсайдерлері міндетті;

1) Заңның және осы Қағидалардың инсайдерлік ақпаратты иелік ету мен пайдалануға қатысты талаптарын білуге;

2) инсайдерлік ақпараттың құпиялығын көпшілікке жария етуге (жариялауға) дейін қамтамасыз етуге;

3) эмитент және ол шығарған (ұсынатын) бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары) туралы инсайдерлік ақпаратты жариялаудың тәртібі мен шарттарын сақтауға, инсайдерлік ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Қағидаларға және Серіктестіктің өзге де ішкі құжаттарға сәйкес ғана пайдалануға.

22. Серіктестік инсайдерлеріне келесіге тыйым салынады:

1) бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер жасау кезінде инсайдерлік ақпаратты пайдалануға;

2) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, инсайдерлік ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге немесе үшінші тұлғаларға қолжетімді етуге;

3) үшінші тұлғаларға инсайдерлік ақпарат негізінде бағалы қағаздармен мәмілелер бойынша ұсынымдар беруге.

23. Серіктестіктің инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар және оны қызметтік жағдайы мен лауазымдық міндеттеріне байланысты өз қызметінде пайдаланатын қызметкерлері Серіктестіктің ішкі құжаттарының талаптарын ескере отырып, құпиялылықты қамтамасыз ететін жағдайларда инсайдерлік ақпаратты сақтауға міндетті.

24. Серіктестік өз қызметкерлеріне инсайдерлік ақпараттың құпиялылық режимін сақтауы үшін қажетті ұйымдастырушылық және техникалық жағдайларды қамтамасыз етеді, оның ішінде;

1) еңбек және азаматтық-құқықтық шарттарға тиісті талаптарды енгізу арқылы;



- 2) инсайдерлік ақпараттың құпиялылығын қорғау, ақпаратты жоғалтудан және оған рұқсатсыз қол жеткізуден, оның ішінде байланыс арналары арқылы қорғауға арналған ақпараттық технологиялар жүйелері мен құралдарының болуы;
- 3) Серіктестіктің ішкі құжаттарына сәйкес айқындалатын өзге де шаралар.

IIХ. Жауапкершілік

25. Инсайдерлік ақпаратқа заңсыз қол жеткізгені, пайдаланғаны, бергені үшін тиісті тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасына, Серіктестіктің ішкі құжаттарға және келісімдерінің талаптары сәйкес, тәртіптік және/немесе азаматтық, және/немесе әкімшілік және/немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

26. Серіктестік инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдалануға кінәлі тұлғалардан осы заңсыз әрекеттермен Серіктестікке келтірілген зиянды өтеуді талап етуге құқылы.

IX. Қорытынды ережелер

27. Осы Қағидаларға өзгерістер және/немесе толықтырулар (өзгерту) уақтылы енгізілуі үшін жауапкершілік Серіктестіктің Комплаенс-офицеріне жүктеледі.

28. Осы Қағидалар қажетіне қарай және Қазақстан Республикасының заңнамасына өзгерістер енгізілген жағдайда жаңартылуға жатады.

Жалғыз қатысушы:

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Аэроғарыш комитеті.



«Ғарыштық техника және технологиялар институты» ЖШС
инсайдерлік ақпаратты иелік ету мен пайдалануға
ішкі бақылау қағидалары
1-қосымша

Нысан

Инсайдерлік ақпаратқа рұқсаты бар тұлғалардың тізімі

_____ жылғы _____ бойынша

Жеке тұлғалар

№	Т.А.Ә	Туған жылы, күні, айы	Лауазымы /мәртебесі	Тізімге енгізу себебі	Енгізілген күні	Шығару күні

Заңды тұлғалар

№	Атауы	Орналасқан жері	Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы мәліметтер	Тізбеге енгізу үшін негіздеме	Енгізу күні	Шығару күні

ЖШС Комплаенс-офицері _____

(Т.А.Ә., қолы)

МО

Орындаушы: _____ (Т.А.Ә., байланыс телефондары)

Тізім жасалған күні _____

«Ғарыштық техника және технологиялар институты» ЖШС



Заңды тұлғаларға нысан

Өзінің қызметтік жағдайы және лауазымдық міндеттері бойынша инсайдерлік
ақпаратына қол жеткізе алатын қызметкерлердің тізімі

_____ жылғы _____ бойынша

№	Т.А.Ә.	Туған жылы, күні, айы	Лауазымы /мәртебесі	Тізімге енгізу себебі	Енгізілген күні	Шығару күні

* қызметкерлердің байланыс деректері — эмитенттің сұранысы бойынша.

Комплаенс-офицер _____

(Т.А.Ә., қолы)

МО

Орындаушы: _____

(Т.А.Ә., байланыс телефондары)

Тізім жасалған күні _____



«Ғарыштық техника және технологиялар институты» ЖШС
инсайдерлік ақпаратты иелік ету мен пайдалануға
ішкі бақылау қағидалары
3-қосымша

Жеке тұлғаларға нысан

Тұлғаны инсайдерлер тізіміне енгізу (тану) туралы хабарлама

№	Т.А.Ә.	Туған жылы, күні, айы	Лауазымы /мәртебесі	Тізімге енгізу себебі	Енгізілген күні	Таныстырылды, қолы

Осымен ____ (бұдан әрі – Серіктестік) _____ жылдан бастап «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Серіктестіктің инсайдерлік тұлғасы болып танылғаныңызды және инсайдерлердің тізіміне енгізілгеніңізді хабарлайды. Қазақстан Республикасы заңнамасының және/немесе инсайдерлік ақпаратты иелік ету мен пайдалануға ішкі бақылау қағидаларының талаптарын бұзу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілікке әкеп соғатынын хабарлаймыз, осыған байланысты, Серіктестіктің инсайдері болып танылған тұлға мыналарға міндетті:

1) Қазақстан Республикасы заңнамасының Серіктестік туралы инсайдерлік ақпаратты пайдалануға/жариялауға қатысты талаптарын, оның ішінде «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, сонымен қатар, Серіктестіктің инсайдерлік ақпаратты иелік ету мен пайдалануға ішкі бақылау қағидаларын сақтауға, қорғауды қамтамасыз ету және инсайдерлік ақпаратты таратпау;

2) эмитенті Серіктестік болып табылатын бағалы қағаздармен (туынды қаржы құралдарымен) мәмілелер жасау кезінде Серіктестіктің инсайдерлік ақпаратын пайдаланбауға;

3) Серіктестік туралы инсайдерлік ақпаратты үшінші тұлғаларға бермеуге немесе үшінші тұлғаларға қолжетімді етуге;

4) үшінші тұлғаларға Серіктестіктің инсайдерлік ақпараты негізінде бағалы қағаздармен мәмілелер бойынша ұсынымдар бермеуге.

Комплаенс-офицер _____

(Т.А.Ә., қолы)

Орындаушы:

(Т.А.Ә.,

байланыс

телефоны)



Заңды тұлғаларға нысан

Тұлғаны инсайдерлер тізіміне енгізу (тану) туралы хабарлама _____

Осымен _____ (бұдан әрі – Серіктестік) _____ жылдан бастап «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Сіз Серіктестіктің инсайдерлік тұлғасы болып танылғаныңызды (негіздеме: _____), және инсайдерлердің тізіміне _____ енгізілгеніңізді хабарлайды.

Қазақстан Республикасы заңнамасының және/немесе инсайдерлік ақпаратты иелік ету мен пайдалануға ішкі бақылау қағидаларының талаптарын бұзу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілікке әкеп соғатынын хабарлаймыз, осыған байланысты, Серіктестіктің инсайдері болып танылған тұлға мыналарға міндетті:

1) Қазақстан Республикасы заңнамасының Серіктестік туралы инсайдерлік ақпаратты пайдалануға/жариялауға қатысты талаптарын, оның ішінде «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, сонымен қатар, Серіктестіктің инсайдерлік ақпаратты иелік ету мен пайдалануға ішкі бақылау қағидаларын сақтауға, қорғауды қамтамасыз ету және инсайдерлік ақпаратты таратпау;

2) эмитенті Серіктестік болып табылатын бағалы қағаздармен (туынды қаржы құралдарымен) мәмілелер жасау кезінде Серіктестіктің инсайдерлік ақпаратын пайдаланбауға;

3) Серіктестік туралы инсайдерлік ақпаратты үшінші тұлғаларға бермеуге немесе үшінші тұлғаларға қолжетімді етуге;

4) үшінші тұлғаларға Серіктестіктің инсайдерлік ақпараты негізінде бағалы қағаздармен мәмілелер бойынша ұсынымдар бермеуге.

Серіктестіктің инсайдерлік тұлғасы болып танылған заңды тұлға жоғарыда көрсетілгендерден басқа:



- 1) қызметтік жағдайы мен лауазымдық міндеттеріне байланысты инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар өз қызметкерлерінің тізімін жүргізеді;
- 2) қызметтік жағдайы мен лауазымдық міндеттеріне байланысты инсайдерлік ақпаратқа рұқсаты бар өз қызметкерлері туралы _____ мәліметтерді _____ жылғы сұраныс алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде беруге, сонымен қатар, көрсетілген ақпаратты _____ (ай сайын/тоқсан сайын) айдың бірінші күніне, нысан бойынша:

№	Т.А.Ә.	Туған жылы, күні, айы	Лауазымы /мәртебесі	Тізімге енгізу себебі	Енгізілген күні	Шығару күні

3) өз қызметкерлерін Қазақстан Республикасы заңнамасының, оның ішінде «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының _____ инсайдерлік ақпаратты пайдалануға тыйым салуға қатысты талаптары, және Инсайдерлік ақпаратты иелік ету мен пайдалануға ішкі бақылау қағидалары туралы хабардар етуге міндетті.

Комплаенс-офицер

(Т.А.Ә., қолы)

Орындаушы: _____ (Т.А.Ә., байланыс телефоны)

DOC ID KZ92Y3L2024000022343123C33



«Ғарыштық техника және технологиялар институты» ЖШС
инсайдерлік ақпаратты иелік ету мен пайдалануға
ішкі бақылау қағидалары
5-қосымша

Жеке тұлғаларға нысан .

Тұлғаны инсайдерлер тізімінен шығару туралы хабарлама _____

№	Жеке тұлғаның Т.А.Ә. (әкесінің аты болған жағдайда)	Туған жылы, күні, айы	Лауазымы	Тізімнен шығару күні	Таныстырылды, қолы

Осымен _____ (бұдан әрі - Серіктестік) Сізге « ____ » _____ 20__ ж.
бойынша Серіктестік инсайдерлерінің тізімінен шығарылғаныңыз туралы
хабарлайды, себебі:

_____ (негіздемесін көрсету керек).

Комплаенс-офицер _____

(Т.А.Ә., қолы)

Орындаушы: _____ (Т.А.Ә., байланыс телефоны)

DOC ID KZ92Y3L2024000022343123C33



«Ғарыштық техника және технологиялар институты» ЖШС
инсайдерлік ақпаратты иелік ету мен пайдалануға
ішкі бақылау қағидалары
6-қосымша

Заңды тұлғаларға нысан

Тұлғаны инсайдерлер тізімінен шығару туралы хабарлама _____

Осымен _____ (бұдан әрі - Серіктестік) Сізге « ____ » _____ 20__ ж.
бойынша Серіктестік инсайдерлерінің тізімінен шығарылғаныңыз туралы
хабарлайды, себебі:

_____ (негіздемесін көрсету керек).

Комплаенс-офицер _____

(Т.А.Ә., қолы)

Орындаушы: _____ (Т.А.Ә., байланыс телефоны)

DOC ID KZ92Y3L2024000022343123C33



Квитанция о подписании

Основная информация

DOC ID	KZ92Y3L2024000022343123C33
Тип документа	Входящее письмо
Тема	"Ғарыштық техника және технологиялар институты" ЖШС инсайдерлік ішкі қағидалары туралы
Статус	Поступивший
Рег. Номер:	
Рег. Дата:	
Дополнительные данные	Исх. дата: 01.04.2024 Исх. номер: 183/НҚ
Количество страниц	44
Подписи	2

Информация об отправителе

Отправитель	Министерство цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности Республики Казахстан
-------------	--

Информация о получателях

Получатель 1	ТОО "ИНСТИТУТ КОСМИЧЕСКОЙ ТЕХНИКИ И ТЕХНОЛОГИЙ", 091240015083, Казахстан info@istt.kz
--------------	--

Информация о подписантах

Подписал(а)	КАЗКЕНОВ АЛАН (КАЗКЕНОВ АЛАН)
Компания	Министерство цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности Республики Казахстан
Тип ЭЦП	Удостоверяющий центр государственных органов Республики Казахстан
Подпись	MIITnwYJ...rRfoFLYk=
Дата подписания	01.04.2024 03:55
Подписал(а)	БИЕКИНА САУЛЕ (БИЕКИНА САУЛЕ)
Компания	Министерство цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности Республики Казахстан
Тип ЭЦП	Удостоверяющий центр государственных органов Республики Казахстан
Подпись	MIITegYJ...bwz09uw==
Дата подписания	01.04.2024 04:44

DOC ID KZ92Y3L2024000022343123C33

